

Түркістан облысы деңсаулық сактау басқармасының  
«Ақ-бұлақ облыстық балалар оңалту орталығы» шаруашылық жүргізу  
құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының  
Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы  
**ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА**

Караағашты ауылы

05.07.2024 жыл

**1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуге негіз.**

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заны;

Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрагасының 16.01.2023 жылғы №21 бүйрығымен бекітілген «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидалары»;

Түркістан облысы деңсаулық сактау басқармасының «Ақ-бұлақ облыстық балалар оңалту орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны басшысының «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» 2024 жылғы 02 мамырдағы № 30-н/к бүйрығы.

**2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу объектісі.**

Түркістан облысы деңсаулық сактау басқармасының «Ақ-бұлақ облыстық балалар оңалту орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (бұдан әрі Кәсіпорын) мен оның барлық құрылымдық болімшелерінің қызметі.

**3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізген жұмыс тобы.**

Кәсіпорын басшысының 02.05.2024 жылғы №30 н/к бүйрығымен құрылған құрамында:

Бөлім менгерушісі Камытбекова Б.Ж, Экономист Таханов А.А, кадр бөлімінің инспекторы Еркеш С.С, дәрігер сарапшының м.у.а: Әлішева Б.М, заң консультанты Сургалиева А.С енгізілген жұмысшы топ.

**4. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мерзімі.** 2024 жыл 17 мамыр мен 2024 жылдың 28 маусым аралығы.

**5. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау қамту мерзімі.** 2023 жылғы тамыз - 2024 жылдың 28 маусым аралығы.

**6. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау бағыттары.**

1) Кәсіпорын қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) Кәсіпорының ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

**СИПАТТАМА БӨЛІГІ**

**1. Кәсіпорын қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері.**

Кәсіпорының қызметін қозғайтын колданыстағы нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттіктер мен нормалар айқындау бойынша құқықтық сараптама

жұмыстары жүргізді.

**Кәсіпорының ұйымдастыруышылық-басқарушылық қызметі бойынша сыйбайлас жемқорлық тәуекелдері.**

**1) Персоналды басқару, оның ішінде сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды айқындау.**

Кәсіпорының 2023 жылғы бекітілген штат саны 193,0 лауазымдық бірлік болған, оның ішінде нақты жұмыс атқарғандары 190, ал бос лауазымдар саны 9,5 болған.

2023 жылы орталықта тәулік бойы 200 төсек —орын жұмыс істеген болатын.

2024 жылты қантар айында 2024 жылға арналған штаттық кестесі "Медициналық оңалту көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 7 сәуірдегі №65 бұйрығы негізінде қайта жасалынып, барлығы 197,0 штаттық бірлік болып бекітілді. Оның ішінде: дәрігерлік персонал-14,0; орта буын медицина персоналы-56,5; кіші буын медицина персоналы-42,0; өзге персонал-84,5. Оның ішінде нақты жұмыс атқарғандары 189, ал бос лауазымдар саны 8,25 бірлікті курап отыр.

Бос орындар туралы акпараттар ай сайын епбек.kz сайтына мерзімінде орналастырылада.

2023 жылғы тамыздан желтоқсан айы аралығында кәсіпорынга 5 азамат жұмысқа қабылданған болатын, ал ағымдағы жылы 5 қызметкер жұмысқа қабылданды.

Қызметкерлерді жұмысқа қабылдау рәсімі 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V КРЗ Еңбек Кодексіне сәйкес рәсімделген. Алайда кәсіпорынга орта буын медицина персоналын және техникалық қызметкерлерді іріктеу және жұмысқа қабылдау процестерінде жұмысқа қабылдау комиссиясының шешімі мен Мансап орталыктарының жұмысқа орналасу жолдамасы негізdemеге алынбаған.

**Ұсыныс:** Кәсіпорынга орта буын медицина персоналын және техникалық қызметкерлерді іріктеу және жұмысқа қабылдау процестері сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау және алдын алу максатында Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінің 103-бабының талаптарын сактай отырып, электрондық еңбек биржасымен интеграцияланған «Jumys SmartNation» порталы арқылы жүзеге асыру және жұмысқа қабылдау комиссиясының шешімімен жұмысқа қабылдау.

2023 жылы КР Еңбек кодексінің 49 бабының 5)тармағына сәйкес-1 қызметкер, 57 бабының 1 тармағының 3 тармақшасына сәйкес -1 қызметкер және аталған Кодекстің 52 бабының 1-тармағының 24)тармақшасына сәйкес -1 қызметкермен еңбек шарты бұзылған

Ағымдағы жылы тараптардың келісімі бойынша 6 жұмыскермен, зейнеткерлік жасқа толуына байланысты 3, КР Еңбек Кодексінің 49 бабының 2)тармақшасына және 134 бабына сәйкес 4 және КР Еңбек Кодексінің 57 бабының 1-тармағының, 3)тармақшасына сәйкес 1-жұмыскермен еңбек шарттары бұзылған. Көрсетілген мерзімдерде басқа негіздермен, оның ішінде жұмыс берушінің бастамасы бойынша КР Еңбек кодексінің 52 бабына сәйкес еңбек шарттарын бұзу орын алмаған.

Жалпы Кәсіпорын штат саны салыстырмалы түрде аз және қызмет түрі денсаулық сақтау саласының тек қана нақты бір бағыты, яғни медициналық оңалту қызметін көрету болып табылатындықтан жұмысқа қабылданатындар мен

босатылатындар саны өте аз, бұл өз кезегінде жұмысқа қабылдау барысында сыйбайлас жемкорлық тәуекелдерінің өте төмен екендігін көрсетеді.

Ішкі талдау барысында сыйбайлас жемкорлық тәуекелдеріне шалдықкан лауазымдар ретінде: Кәсіпорын басшысы, бөлім менгерушілері, бас есепші мен экономист және кадр инспекторы айқындалды.

### 2) Мұдделер қактығысын реттей.

Ішкі талдау жұмыстарын жүргізу барысында мұдделер қактығысы фактілері бойынша кәсіпорында тегі бірдей бірнеше қызметкерлердің жұмыс атқаратындықтары анықталды.

Кәсіпорын тікелей азаматтарға мемлекеттік қызметтер көрсетпейді.

Кәсіпорынның қызметінің мәні мен мақсаты болып денсаулық сактау саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру аясында 3 жастан 18 жасқа дейінгі балалар мен жасөспірімдерге емдеу және калпына келтіру емі мен медициналық оңалту қызметтерін көрсету, аурудың алдын алу, сауықтыру қызметтерін жүзеге асыру накты атап айтқанда медициналық оңалту қызметін көрсету болып табылады.

Медициналық-оңалту қызметтері Қазақстан Республикасы Денсаулық сактау министрінің 2023 жылғы 7 сәуірдегі "Медициналық оңалту көрсетуді үйімдастыру стандартын бекіту туралы" №65 бүйрығы негізінде жүзеге асырылады.

Кәсіпорын рұқсат беру функцияларын, бакылау-тексеру функцияларын іске асырмайды және мемлекеттік бюджеттен емес «Өлеуметтік медициналық сактандыру коры» КЕАҚ арқылы қаржыландырылады.

Кәсіпорын денсаулық сактау саласындағы акпараттық жүйелерді пайдаланады.

### 3) Мемлекеттік сатып алу бойынша.

Жеке және заңды тұлғалармен шарттар колданыстағы мемлекеттік сатып алу туралы заңнама талаптарының аясында Мемлекеттік сатып алудың веб-порталы арқылы жүзеге асырылып келеді.

#### Қорытынды:

1.Қызметкерді жұмысқа қабылдау бүйрықтарында негіздемеге «Мәнсан» орталығының жолдамасы алынбаған

2.Мекеме қызметкерлері бүйрықтармен толық көлемде таныстырылмаған

3.Мекемеге қызметкерлер қабылдау кезіндегі бүйрықтарында Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек Кодексінің талаптарына сәйкес жұмысқа қабылдау комиссиясының шешімі көрсетілмеген.

4.Жұмысқа қабылдау процесі электронды жүйеге толық ауыстырылмағандығы туралы жұмысшы топпен бір катар кемшіліктер ішкі талдау жүргізу барысында анықталды.

Жұмысшы топтың жетекшісі:

Б.Ж.Камытбекова

Жұмысшы топ мүшелері:

Экономист:

Таханов А.А.

Кадр бөлімінің инспекторы:

Еркеш С.С.

Дәрігер сарапшысы м.у.а:

Әлішева Б.М.

Зан консультанты:

Сугралиева А.С.